



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
9 сәуір 2021 ж.

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference
on April 9, 2021

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной
научно-практической конференции
9 апреля 2021 г.

Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия
Кандидат политических наук, доцент **М.К. Тулебаева**, Казахстан
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».

Сборник материалов XI-Международной научно-практической конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

**© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

дамуының мемлекеттік бағдарламасында есепке алынуы тиіс. Білім мен ғылымға жұмсалатын шығын көлемі ДЖӨ 5%-ға жеткізу жоспарын жасауды Президент Үкіметке тапсырды.[5]

Өзіміз көріп отырғандай ғылымды дамытуға ден қою үкімет тарапынан үлкен қолдауға ие болуы тиіс. Қазіргі таңдағы жас ізденуші ғалымдардың да негізгі мәселелерінің бірі осы қаржының бөлінуі.

Қорытындылай келе, ғылым саласының дамуына тек оңтайлы мемлекеттік саясат емес, сондай ақ елдегі тұрақты экономикалық жағдай мен дұрыс қабылданған бағдарлама, концепциялардың да рөлі үлкен екенін байқауға болады. Басқа алыс және жақын шет мемлекеттермен ынтымақтастықтың нәтижесінде біршама тәжірибе жинақтай отырып, өзіндік даму жолын нақты қоя білсек едәуір жетістіктерге жететініміз анық. Әрине қоғамның дамуымен қатар кездесетін қиыншылықтар, өзгерістер ол табиғи құбылыс, дегенмен елімізде мүмкіншіліктер өте көп.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. // http://www.acur.msu.ru/ru/docs/pgrant/final/2_2_Challenges_Science.pdf
Артамонова Ю.Д., Демчук А.Л., Карнеев А.Н., Миньяр-Белоручева А.П., Сафонова В.В. Стратегия развития современной науки и инноваций// Вызовы и стратегии развития мировой науки на рубеже XX-XXI веков .
2. Кузьмин Д.С. Россия-Казахстан: сотрудничество в области науки и образования в постсоветский период (на примере Томского университета). Национальный исследовательский Томский государственный университет //Вопросы истории, международных отношений и документоведения. Вып. 10: в 2-х т. – Т. 2: Сборник материалов X Международной молодежной научной конференции (Томск, 16–18 апреля 2014 г.).
3. [http:// www.egov.kz](http://www.egov.kz) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі сайтынан
4. Nauka.kz Национальный научный портал
5. С.Борбасов. Ғылымды қаржыландыру – маңызды мәселе
[/egemen.kz:https://egemen.kz/article/206866-ghylymdy-qardgylandyru-manhyzdy-masele](https://egemen.kz/article/206866-ghylymdy-qardgylandyru-manhyzdy-masele)

Өмірзақова Д. М.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы,

Ғылыми жетекші - Қаленова Т.С., т.ғ.к., доцент

omir.di20@gmail.com

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЛАРЫНДАҒЫ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Annotation: political and legal issues in the messages of the first president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev. The main directions of domestic and foreign policy in their messages to the people of Kazakhstan.

Keywords: message, Law, Management, Strategy

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев ТМД басшыларының ішінде алғашқы болып 1996 жылы 7 қазанда Қазақстан халқына «Елдегі жағдай және ішкі, сыртқы саясаттың 1997 жылға арналған негізгі бағыттары туралы» деген Жолдау арнағаны мәлім. Елбасының Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнауы 1995 жылғы Конституцияда белгіленген болатын[1].

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Тұңғыш Жолдауда Елбасы алдымен елімізде сол кезеңде экономика саласында жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкес бірқатар маңызды заңдар, атап айтқанда, Азаматтық кодекс, жаңа Салық кодексі, жер, мұнай, ипотека, мемлекеттік қызмет туралы заңдарды ерекше атап көрсеткен болатын. Бұл заңдардың қабылдануы шынымен де нақ сол кезде Қазақстанның саяси-құқықтық, экономикалық салаларына түп-тамырлы өзгерістер әкеліп, қоғамның жаңаша қалыптасып, дамуына жол ашқан еді.

Елбасы бұл Жолдауда Қазақстанның саяси-құқықтық және басқару жүйесінің әлемдік мемлекеттік-құқықтық реттеу әдістерімен үйлесімсіздігін түпкілікті еңсеру туралы, атқарушы органдарды орталықта және жергілікті жерлерде реформалауға ерекше қарау керектігін айтқан болатын. Сонымен қатар, Президент заңдарды қабылдау кезінде олардың санын көбейте бермеу керектігін, әрі олардың міндетті түрде Конституцияға сай болуын баса көрсетті. Осы орайда Елбасы заңдарды жүзеге асырудың арнайы ұйымдық-құқықтық тетігін жасауды, әлеуметтік-экономикалық ахуалға ілесіп отыратын сапалық жағынан жаңа заңдар жасау міндетін айқындады[2].

Аталған Жолдауда Президент республика азаматтарының құқықтық хабарлылығы мен сауаттылығы деңгейін, яғни құқықтық мәдениетін өсіру мақсатында кешенді шаралар өткізу қажеттігін жеке атап кеткен болатын. Ал Елбасының 1997 жылы 10 қазанда «Қазақстан-2030» барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» деген Жолдауында 7-ші басымдық кәсіпқой мемлекетке арналып, нарықтық экономика үшін оңтайлы болатын мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымының осы заманғы тиімді жүйесін, басым мақсаттарды іске асыруға қабілетті үкімет құру, ұлттық мүдделердің сақшысы бола алатын мемлекет қалыптастыру туралы ерекше айтылды. Осы ретте Президент Үкімет пен жергілікті атқарушы билікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін жеті негізгі стратегияның қағидаттарын атап көрсетті, олар:

1. Неғұрлым маңызды бірнеше функцияларды ғана орындауға жұмылған ықшам әрі кәсіпқой Үкімет.
2. Стратегиялар негізіндегі іс-қимыл бағдарламалары бойынша атқарылатын жұмыс.
3. Нақтылы жолға қойылған ведомствоаралық үйлестіру.
4. Министрлердің өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін, олардың есептілігін және олардың қызметіне стратегиялық бақылауды арттыру.
5. Министрліктердің ішінде, орталықтан аймақтарға және мемлекеттен жекеше секторға қарай орталыққа тәуелділікті жою.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл да ымырасыз күрес.
7. Кадрларды жалдау, даярлау және жоғарылату жүйелерін жақсарту[3].

Мемлекет басшысы, сондай-ақ, Үкімет жұмысының тиімділігін арттыру құрылымдық ұйым, стратегиялық үйлесімділік, кадрлар даярлығының дәрежесі сияқты үш факторға байланысты болатынын нақты атап көрсетті. Жолдауда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің аяусыз жүргізілетіндігі, басқару корпусының тазаруы және жаңару қажеттілігіне де аса мән берілген болатын. Елбасы мемлекеттік қызмет мәселесіне де ерекше тоқталды. Осы орайда ол: «Кәсіпқойлық, отаншылдық, ұзақ мерзімді міндеттер қоюға қабілеттілік, оларды жаңа жағдайда шеше алатын білімділік пен жігерлілік- кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың басты өлшемдері»[4] деген еді. Бұл мәселе 1998 жылғы 29 қыркүйекте жасалған Жолдаудан өз жалғасын тапқан-ты. Мұнда мемлекеттік басқару жүйесінің әрбір деңгейінің салалары мен өкілеттіктері белгіленіп, мемлекеттік қызметке неғұрлым дайындығы мол, Отанын шын сүйетін, адал азаматтарды дайындау жаңадан құрылған мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке жүктелетіні белгіленді. Агенттік мемлекеттік қызметшілерді объективті өлшемдер негізінде әділдікпен жоғарылатуды қамтамасыз ететін жүйені жасап, жолға қою керектігі ескертілді. Елбасы қабілетсіз болып шыққан немесе өздерінің міндеттерін орындауға, мемлекет бағдарламаларын жүзеге асыруға құлық танытпаған Үкімет шенеуніктері орындарынан кетіп, Үкімет халықтың қолдауына ие болуы аса маңызды екенін дәйекті көрсетті.

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Жолдауда Елбасы қоғам өмірін саяси демократияландыруға қатысты маңызды мәселе ретінде партиялардың рөлін күшейту қажеттігін айта келе, осыған орай Мәжіліске қосымша он орын енгізуді ұсынды. Бұл Парламентте әр түрлі көзқарас иелері мол болуына мүмкіндік беретіні түсінікті.

Сенат пен Мәжілісті барынша нығайта түсу мақсатында Елбасы аталған Жолдауда келесідей ұсыныстар жасады:

- республика Президенті мерзімінен бұрын қызметінен босатылғанда, қызметінен кетірілгенде, сондай-ақ, қайтыс болған жағдайда оның өкілеттілігінің қалған мерзімінде Президенттің міндетін атқару Парламент Сенатының төрағасына ауысады;
- Сенат төрағасының Президент міндеттерін өзіне қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда, бұл міндеттер Парламент Мәжілісінің төрағасына ауысады;
- Мәжіліс төрағасының Президент міндеттерін өзіне қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда, бұл міндеттер Премьер-министрге ауысады;
- Сенат пен Мәжілістің комиссияларында Үкіметтің жекелеген мүшелерімен елшілердің кандидатуралары талқыланатын болуға тиіс^[5]. Сондай-ақ, Жолдауда мемлекетімізде азаматтық қоғам құрудағы үкіметтік емес ұйымдардың рөлін күшейту туралы да басым айтылған болатын.

Елбасы көрсетілген Жолдауда демократиялық қоғамның негізгі бір нышаны болып табылатын – тәуелсіз сот жүйесі мәселесі турасында да мардымды пайымдаулар жасаған еді. Сот жүйесінің биік деңгейін және дербестігін қамтамасыз ету үшін судьяларды дайындау дәрежесін арттыру, Жоғарғы сот кеңесінің басқарылуын өзгерту, сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңды барынша қатал қолдану қажеттілігі жіті қарастырылды.

Негізінен алғанда, Елбасы халыққа арнап жасайтын жыл сайынғы Жолдауларында құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам құру мәселелеріне үнемі ерекше мән беретінін бірден байқауға болады. Өйткені Қазақ елінің жылдан-жылға тәуелсіздігі нығайып, өсіп-өркендеуі үшін қажетті басты фактор, ол- халықтың тұтастай осы мақсаттарға ұмтылуы. Ал бұған тек қана қоғамда құқық пен демократия мәселелері тиісті дәрежеде шешілгенде ғана қол жеткізуге болады. Әрине, бұл қысқа уақыттың ішінде және оңай болатын үдеріс емес екендігі анық. Бұл мәселеге жүйелі түрде келу қажет. Сондықтан Елбасының әрбір жылда жасайтын Жолдауларында нақты проблемаларды жігін тарқата бірізділікпен қарастыруының мәнісі осында.

2000 жылғы 24 қазанда Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Елбасы әмбебап заңдылықтарға бағына отырып шешетін бірнеше мәселелерді ұсынды. Олардың қатарында заңдарға сүйеніп өмір сүретін нақты құқықтық мемлекет құру, мемлекеттік құрылымдардың өздері заңда белгіленген ережелер бойынша қызмет жасау керектігі, барлық азаматтар заңға сәйкес өмір сүруге үйренуі, демократиялық үдерістердің құқықтық мемлекет ауқымынан шықпауы сияқты маңызды мәселелер нақты аталып көрсетілді.

Елбасы Сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту бойынша Жолдауда құқықтық реформаларды жүргізуге қатысты Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту туралы Жарлыққа қол қойылғаны, Жоғарғы соттың жанынан Сот әкімдігін жүргізу жөніндегі комитет құрылғанына тоқтала келе, енді құқықтық реформаның аясында еңбекпен түзеу мекемелерінің жүйесі Ішкі істер министрлігінің қарауынан Әділет министрлігінің құрамына берілетінін мәлімдеген-тін. Сонымен қатар осы Жолдауда Елбасы азаматтық қоғам институттарын күшейту үшін «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заңды қабылдау қажеттігін, осы заңға сәйкес қалалардың шағын аудандарында, ауылдар мен селоларда, сондай-ақ, қала үлгісіндегі кенттерде қолында жергілікті проблемаларды шеше алатын нақты өкілеттіктері бар қоғамдық өзін-өзі басқару құрылымдарын жасақтау жөнінде ашып айтқан болатын.

Елбасы Жолдауда үкіметтік емес ұйымдардың қоғамды әлеуметтік мәнді жобаларды жүзеге асыруы үшін кепілдіктер жүйесі арқылы елеулі мемлекеттік қолдау қажеттігін айтып, әлеуметтік қайшылықтарды құқықтық құралдармен шешудің, әлеуметтік шиеленістің саяси сахнаға өтіп кетпеуіне жол бермейтін тетіктер жасау мақсатында «Қазақстан

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы» заңды дайындау қажеттігі туралы ұсыныс жасағаны белгілі. Ал 2002 жылы Қазақстан халқына арналған Жолдауда Елбасы елде агроөнеркәсіп саласын кешенді дамыту, жер мәселесі сияқты келелді мәселелерді көтере келе, басты назарды ұлттаралық келісім мен татулықты нығайтуға, бастысы – олардың елдегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету факторына айналуына жағдай жасау турасында тоқталған болатын. Сондай-ақ, Елбасымен Жолдауда еліміздегі партиялық саяси құрылысты, ең алдымен, оның заңнамалық негіздерін жетілдіруге бағытталған резервтерді пайдаланылу ұсынылды. Партиялардың қызметінде саяси экстремизмге жол бермейтін құқықтық нормалар енгізу, этностық немесе діни қауымдастық қағидаттары негіздеріндегі партиялық құрылысқа ырық бермеу, олардың қызметінің қаржылық ашықтығын қамтамасыз ету сияқты мәселелердің шешілу жолдары айқындалды. Бұл аталған Жолдауда мемлекеттік құрылысты жетілдіру, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту, сот пен сайлау жүйесін жақсарту жөніндегі жұмыстарды, ауылдық басқару деңгейінде мемлекеттік биліктің нағыз өтімді институттарын қалыптастыру, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау жөніндегі тәжірибеге мұқият талдау жасау керектігі де баса айтылды.

Елбасы сонымен қатар Жолдауда соттар саласындағы кадр саясатын жетілдіру мен судьялар қатарындағы сыбайластықты шектеу, құқық қорғау тетігіндегі адвокатураның рөлін күшейту жөнінде шаралар, алқа билер институтын енгізу тұжырымдамасын әзірлеу туралы, өлім жазасына кесу үкімін кідірту, оны толық мансұқ етуге дейінгі мәселені мұқият зерделеуге ерекше тоқталған болатын. «Әрине, бәрін бірден шешіп тастау мүмкін емес, сондықтан төзімділік таныту керек, ұсақ-түйекке шашыла бермей, күш-қуатымызды қалап алған басымдықтарымызға жұмылдыруымыз керек[6]», – деп Елбасы аталған Жолдауда алға қойылған мақсат-міндеттерді байыппен, бірізділік пен парасаттылыққа сүйене отырып жұмыс істеуге шақырған болатын.

Елбасы 2005 жылдың 18 ақпанында жасалынған Жолдаудың 4 бөлімін тұтастай Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңіне арнаған болатын. Бұл Жолдауда Мемлекет басшысы саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын ұсынды. Осы саяси реформаларды жүзеге асыру үшін, дамыған шет мемлекеттердің мамандары шақырылатындығы да айтылып өтті. Жалпыұлттық бағдарламаларды талқылауды үйлестіру демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияға жүктелді.

Елбасы осы Жолдауда аса мән бере тоқталған мәселе – қолданылып жүрген Конституциямыздың әлеуетін барынша пайдалану қажеттігі болатын. Әсіресе тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің айқын белгілеріне жататын заң шығарушы биліктің мемлекеттік органдарды тең негізде құратындығына баса назар аударылды. Атқарушы билік реформасына байланысты, билікті одан әрі орталықсыздандыру, әкімдердің сайланбалығы, атқарушы биліктің ашықтығы мәселелері көтерілді.

Сонымен қатар Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуын қолдау жөнінде Мемлекеттік бағдарлама әзірлеу жөнінде Үкіметке тапсырма берілді. Әкімшілік реформаларды одан әрі тереңдету барысында кейбір мемлекеттік тетіктерді әлемдік үздік тәжірибеге сүйене отырып, серпінді басқаруға қабілетті тетікке айналдыру, үкімет мүшелерінің дербес жауапкершілігін арттыру, биліктің орталық деңгейінің қолындағы басы артық мемлекеттік функциялардың санын қысқарту қажеттігі де баса айтылды.

Атқарушы биліктің сапасын арттыру барысында оңтайлы мемлекеттік аппарат жасақтау, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мен мерзімін қысқарту үшін «Электронды Үкімет» қалыптастыру, шенеуніктің қызметін бағалаудың стандарты, «жалғыз терезе» қағидаты бойынша тұрғындарға қызмет көрсету орталықтарын құру, мемлекеттік қызметшілер үшін сапа менеджменті жүйесін енгізу, мемлекеттік қызметтің тәртібі мен этикасын сақтауды қамтамасыз ету қажеттілігі атап көрсетілді.

Бұл Жолдауда биліктің заң шығарушы тармағының саяси беделін күшейтуге қатысты, парламенттік көпшілік негізінде үкімет құрамын жасақтаудың тетіктері мен әлеуметтік-экономикалық сала министрлерінің кандидатураларын тиісті комитеттерде талқылау,

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

мәслихаттардың бақылау өкілеттіктерін кеңейтуге қатысты маңызды қадамдар жасау қажеттігі айқындалды.

Аталған Жолдауда Елбасы демократиялық қоғамдастықтағы жалпыға ортақ стандарттарға сәйкес келетін кең ауқымды сот жүйесі реформасын жүргізу туралы жеке тоқталған болатын. Атап айтқанда, 2005 жылы «Алқа билер туралы» заң қабылданып, «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» конституциялық заңға^[7] және алқа билер сотын^[8] енгізу мәселелері мен басқа да заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу, соттардың тәуелсіздігі және әділеттігі жөніндегі мәселелерге арнайы назар аударылды.

Сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіру, сайлау үрдісіндегі құқықтық қамтамасыз етудегі кемшіліктерді байыпты талдап, халықаралық стандарттар мен қоғамымыздың даму деңгейіне толық сай келетін, сайлау тетіктерін жақсарту жөніндегі ұсыныстар әзірлену керектігі айтылды.

Азаматтық қоғам институттарын дамытуға қатысты Омбудсменнің құқық қорғау мүмкіндіктерін кеңейту, сөз бостандығын, ақпарат алу мен таратуды қамтамасыз ететін барлық құқықтық және басқа да шарттарды жасау қажеттілігіне мән берілді. Қазақстанда демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңартуға Елбасы 2006 жылы 1 наурыздағы Жолдауында да арнайы тоқталған болатын. Жолдауда демократиялық дәстүрлерді дамытумен қатар оны қорғаудың жеткілікті жүйесі және оған сәйкес нақты іс-шараларды жүзеге асыру қажеттілігі айқындалды. Атап көрсеткенде, олар: заңды бұзғаны үшін қатал талап қойылуы, жалақорлық, ақшамен сатып алушылық пен зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік шаралары айқындалып, тиісті заңдардың қайта қаралуына үлкен мән берілді.

Азаматтардың Конституция мен еліміздің заңдарын орындауын қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының алдына маңызды міндеттер қойылды. Елбасы діни экстремизмінің таралуына қатаң тосқауыл қойылу керектігіне арнайы тоқталған болатын. Сонымен қатар, бұл Жолдауда құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғамды құрудың негізгі бағыттары айқындалды. Жолдауда Қазақстан халықтары Ассамблеясының, үкіметтік емес ұйымдардың рөлін арттыру қажеттігіне де баса назар қойылған-тын.

Осылайша, Елбасының әр жыл сайынғы Жолдауларында үнемі мемлекетіміздің саяси-құқықтық дамуын жетілдіре түсуге мақсатталған нақты реформалар ұсынылып қана қоймай, олардың түпкілікті жүзеге асуына байланысты жүргізілетін іс-шаралар жоспарлары да айқын көрсетіледі. Сондықтан осындай мемлекеттік саясаттың нәтижесінде бүгінгі таңда Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы сияқты халықаралық маңызды ұйымға жетекшілік етуге қол жеткізуі, сондай-ақ, 2011 жылы Ислам конференциясы ұйымына басшылық жасайтыны, Қазақ елінің әлемдік саяси сахнада биік мәртебеге ие болғандығының шын айғақтары.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

^[1] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., №17-18, 114-құжат.

^[2] Елбасы жолдады-елі қолдады. I Т., Астана. 2008. 18-19 бб.

^[3] Елбасы жолдады-елі қолдады... 77-78 бб.

^[4] Елбасы жолдады-елі қолдады... Б.79.

^[5] Елбасы жолдады-елі қолдады... Б.100.

^[6] Елбасы жолдады-елі қолдады... Б.154.

^[7] Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Конституциялық заңы 2000 жылы 25 желтоқсанда қабылданған болатын.

^[8] Алқабилер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2006 жылғы 16 қаңтарда қабылданған еді.